



Педагогикалық кеңестер

Тәрбиелік-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлермен толықтыру

№	Педагогикалық кеңес тақырыбы және бағдарламалары	Өткізілу түрлері	Уақыты	Жауаптылар
1	1.Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын талдау. 2.Балабақшаның 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарын талдау және бекіту. 3.Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесін, күн тәртібін бекіту;	Педагогикалық кеңес	29.08.2023ж	Әдіскер С Жоламанова
2	1. «Педагогтің кәсіби эикасы: мәнмағынасы, мазмұны, қызметтері» атты баяндама. 2.Балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша бастапқы диагностикалық нәижесінің қорытындысы.	Дөңгелек стол	30.10.2023	Баяндамашы Б.Улыкпанова.
3	1.Балалардың біліктерімен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген аралық диагностиканың нәтижесінің қорытындысын талдау. 2. «Қызықты логика әлемі» бағдарламасының ақарылған жұмыстарын талқылау	Пікір талас	26.01.2024ж	Әдіскер С Жоламанова Тәрбиешілер Улыкпанова Б Тайгужиева Ш
4	1.«Ұлттық ойындар» 2. «Бестас ойыны»		27.03.2024 ж	Баяндамашы С.Жоламанова тәжірибе алмасу. Ш.Тайгужиева
5	1.Мектепке дейінгі оқытудың типтік жалпы білім бағдарламасының меңгеру нәтижесін талдау. 2.Жазғы сауықтыру мерзіміне	Педагогикалық кеңес	29.05.2024ж	Әдіскер С Жоламанова

	құрылған жұмыс жоспарын бекіту.			
6	<p>1. Жазға сауықтыру – шынықтыру шаралардың қорытындысын;</p> <p>2. Жедел бақылау қорытындысын талдау;</p> <p>3. Нормативтік құжаттармен таныстыру;</p> <p>4. Балабақшаның жаңа 2025-2026 оқу жылына дайындығын және балабақша жұмысының жылдық жұмыс жоспарын талдау және бекіту. 2025-2026 оқу жылындағы міндеттермен таныстыру, Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесін, күн тәртібін бекіту;</p> <p>5. Психолог маманының жылдық жоспарын бекіту.</p> <p>6. Әр түрлі мәселелер:</p>	Пікір талас Кеңес отырысы	29.08.2025 ж	<p>Әдіскер С Жоламанова Тәрбиешілер Улыкпанова Б Тайғужиева Ш М Утеуова В Кадирова</p>

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

29.08.2023 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МҚКК педагогикалық кеңес отырысының №1 хаттамасы.

Төрайымы: А.Мырзагалиева

Хатшы: С.Жоламанова

Қатысуға тиіс:7

1.А. Мырзагалиева

2.С.Жоламанова

3.М.Утеуова

4.Б.Улыкпанова

5.Ш.Тайгужиева

6.В.Кадирова

7.А.Жаңабаева

Күн тәртібінде:

- 1.Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын талдау.
- 2.Балабақшаның 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарын талдау және бекіту.
- 3.Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесін, күн тәртібін бекіту;

Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі А.Мырзагалиева ашты. Балабақша меңгерушісі А.Мырзагалиева 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті.

Тыңдалды: Музыка жетекшісі А.Жаңабаева

Сауықтыру мерізімдегі балабақша ұжымының жоспары құрылып, өз уақытында жұмыстар жүргізілді.Барлық жұмыстар таза ауылда өткізілді. «Күншуақ» тобына жаңадан келген тәрбиеленушілерге бейімдеу мақсатында эмоционалды қарым-қатынас жасай отырып, ортаға бейімдеп, тәрбиеленушілерді жазғы демалысын әсерлі етуіне және танымдық жан-жақты қызығушылықтары мен, қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Бекітілген жазғы маусымдық жоспар толығымен орындалды.

Әдіскер С.Жоламанова балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды.

Сөйлеушілер: «Еркетай» топ тәрбиешісі Б.Улыкпанова.

Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары және циклограммасы тігіліп жинақталып, атқарылған іс-шаралар да тапсырылды. Музыка жетекшісі А.Жаңабаева қорытындылаған жазғы маусымдық жұмысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Осы оқу жылына «Еркетай» тобының атқаратын жұмыс аудандық мұражай,балалар кітапханасы, мектеппен бірлесе отырып жоспар құрылған екен. Алдағы уақытта осы жоспарды жан-жақты ізденіс үстінде жүріп орындаймыз.

«Күншуақ» топ тәрбиешісі: Ш.Тайгужиева

Жазғы маусымдық жұмыс жоспарының орындауына «Қанағаттанарлық» деген баға беремін.

2023-2024 оқу жылының жоспарына қосып аларым жоқ.

«Күншуақ» тобында заттық дамытушы орта жинақталды. Бағдарламаның мазмұнына қарай әрі қарай дамытушы ортаны толықтырып отырамыз. Тәрбиеленушілер бағдарламаны игеру бағытында, тәрбиеленушілердің ерекшелігін ескере отырып, қызығушылықтарына мән беру керек деп ойлаймын.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысына «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін.
2. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмысы;
3. Педагогтардың перспективалық жоспарлары, іс-әрекеттің кестесі, күн тәртібі бекітілсін:

Төрайымы:

Хатшы:



А.Мырзағалиева.

С.Жоламанова.

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

30.10.2023 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК педагогикалық кеңес отырысының №2 хаттамасы.

Төрайымы: А.Мырзагалиева
Хатшы: С.Жоламанова

Қатысуға тиіс: 7

1. А. Мырзагалиева
2. С. Жоламанова
3. М. Утеуова
4. Б. Улыкпанова
5. Ш. Тайғужиева
6. В. Кадирова
7. А. Жаңабаева

Күн тәртібінде:

1. «Педагогтің кәсіби этикасы: мәнмағынасы, мазмұны, қызметтері» атты баяндама.
Баяндамашы Б. Улыкпанова.
2. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша бастапқы диагностикалық нәтижесінің қорытындысы.

Тыңдалды: Б. Улыкпанова

Әр кәсіптің өзіне тән кәсіптік этика болады. Біздер үшін педагогикалық этика педагогикалық мораль мен моральдың құндылықтардың түкпілікті мәнін қарастырады. Моральдың құндылықтар – адамдардың құлқына, іс-қимылына, өмірдегі алуан үрлі құбылыстарға өзіндік баға бере беретін мейірімділік мен зұлымдық, адалдық мен ар-намыс туралы түсініктер жүйесі екенін тоқталық өтті. Баяндамашы педагогикалық әділдік педагогикалық борыш, педагогикалық ар-намыс, педагогикалық бедел, педагогикалық тәртіп түсініктеріне тоқталып өтті.

Сөйлеушілер: Музыка жетекшісі А. Жаңабаева.

Б. Улыкпанова оқыған «Педагогтің кәсіби этикасы: мән-мағынасы, мазмұны, қызметтері» - атты баяндамасында педагогикалық борыш туралы жеік түсіндіре білді. Өз-өзіне қатаң талап қою, кәсіби білім-біліктерін , педагогикалық шеберлігін арттыруға деген құлшыныс. Алдағы уақытта өзімнің кәсіптік шеберлігімді арттырамын.

«Күншуақ» топ тәрбиешісі Ш. айғужиева

Педагогикалық тәртіп түрлі педагогтің тәрбие мен оқу міндеттерін шешу барысында көрініп, олардың кәсіби қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал ететінін білеміз. Әр педагогтің – тұлғаға деген құрмет сезімі, отырған адамды тыңдай және түсіне білуге ұштасып жатқандығы.

Тыңдалды: Әдіскер С. Жоламанова

Қазақстан Республикасы оқу ағарту миристірлігі балаларды ерте дамыту институтымен әзірленген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгерту бойынша, мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына сүйене отырып бастапқы мониторинг жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстың қорытындысына байланысты тапсырма берілді.

Сөйлеушілер : «Күншуақ» топ тәрбиешісі М.Утеуова

«Күншуақ» топ тәрбиеленушілері мен топпен жұмыс жүргіземіз. Алдағы уақытта бағдарламаны игеру деңгейін жоғарлатамыз. Қажетіне қарай жеке-жеке жұмыста жүргіземіз.

«Еркетай» топ тәрбиешісі Б.Улыкпанова

Біздер «Еркетай» топ тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жүргізуге көп көңіл бөлеміз. Әр тәрбиеленушілердің қай дағдыдан көрсеткіші төмен, сол бағытта жұмыс жасаймыз.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. «Педагогтің кәсіби эикасы: мәнмағынасы, мазмұны, қызметтері» атты Б.Улыкпанова оқыған баяндамаға;
2. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша бастапқы диагностикалық нәижесінің қорытындысына «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін;
3. Педагогтар педагогикалық этиканы сақтасын.

Төрайымы:

Хатшы:



А.Мырзағалиева

С.Жоламанова

«Жолшы»бөбекжай-бакшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

26.01.2024 жылы «Жолшы»бөбекжай-бакшасы» МКҚК педагогикалық кеңес отырысының №3 хаттамасы.

Төрайымы: А.Мырзағалиева

Хатшы: С.Жоламанова

Қатысуға тиіс:8

1.А. Мырзағалиева

2.С.Жоламанова

3.М.Утеуова

4.Б.Улыкпанова

5.Ш.Тайгужиева

6.В.Кадирова

7.А.Жаңабаева

8.С.Мыңжасарова

Күн тәртібінде:

- 1.Балалардың біліктерімен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген аралық диагностиканың нәтижесінің қорытындысын талдау.
2. «Қызықты логика әлемі» бағдарламасының ақарылған жұмыстарын талқылау.

Тыңдалды: Әдіскер С.Жоламанова

Алдыңғы педагогикалық шешіміне тоқталатын болсам Педагогтар арасында педагогтің кәсіби эикасы толығымен сақталды.

Балалардың біліктері мен балалардың даму мониторингін жүргізу жұмысы бойынша бастапқы нәтиже қорытындысын жақсарту барысында «Күншуак» топ тәрбиеленушілері топпен жұмыстар жүргізілді. Тіл дамыту жаттығуларын «Дыбыс және әріп», «Геометриялық пішіндер» әр түрлі құрастыру, салыстыру жұмыстарын жүргізді және де «Пайдалы азық түлектер», «Иіс сезу мүшесі-мұрын» тақырыбында әңгімелесу бағытында жұмыстар жүргізілді.

Тәрбиеші: Б.Улыкпанова

Мен «Қызықты логика» әлемі тақырыбында вариативтік бағдарлама бойынша жұмыс жүргізіп жатырмын. Бұл бағдарлама тереңдетілген және жан-жақты қамтылған. Құрамында логикалық тапсырмалар, сөз жұмбақтар, санамақтар кіріктірілген. Тәрбиеленушілердің қызығушылығын таныту үшін Дымбілмес, Буратино, Алдаркөсе, Құрбақа сияқты тосын сәттер пайдаланамын. Тапсырмаларды орындау үшін кәзіргі дамытушы ойындар «Игровизор», «Танограм», «Коломбовое яйцо», «Монгол» ойындары арқылы әр түрлі нәрселердің ұқсастығы мен айырмасын табу үшін пайдаландым.

Сөйлеушілер: «Күншуак» топ тәрбиешісі М.Утеуова

«Күншуак» топ тәрбиеленушілердің аралық диагностикасы қорытындысы, өз деңгейін көрсетіп отыр. Алдағы уақытта бұл көрсеткішімізді жоғарлатамыз. Ал, тәрбие жұмысына келетін болсақ, біздің топ кішкентай болсада оқу жыл басында

бекітілген жұмыс бойынша жүріп келеміз. Ата-анамен де қарым-қатынасымыз тығыз байланысқан.

Б.Улыкпанованың «Қызықты логика әлемі» бағдарламасы жоғары деңгейде құрастырылған, деп тағы да айта кетемін. Жалпы логикалық тапсырмалар өз ерекшеліктерімен балаларға қызықты әсер қалдырады. Тәрбиешінің бізге көрсетіп отырған тапсырмалары, ойындары ерекше. Мен, Б.Улыкпанова жүргізген жұмыстарына «Қанағаттанарлық» деген баға беремін.

«Еркетай» топ тәрбиешісі В.Кадирова

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеруде, күні бойы кіріктірілген түрде ойын арқылы, ал қазақ тілі, дене-шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері кесте бойынша өткізіліп келеді.

Тәрбиеші Б.Улыкпанова құрастырған бағдарлама өте қызықты, тартымды. Логикалық тапсырмалар арқылы, баланың білуге деген қызығушылығын арттыруда деп ойлаймын.

Музыка жетекшісі А.Жаңабаева

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру барысындағы да кешенді жоспар толығымен орындалып келеді. Аудандық іс-шараға «Шығанақ туралы толғау» атты жоспар мен қатыстық. Жоғары дәрежеде өтіп аудандық ұйымдастырушыдан Алғыс хат алдық. Алдағы уақытта да жұмыстарымызды жоғары деңгейде жүргіземіз.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Балалардың біліктерімен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген аралық диагностиканың нәтижесінің қорытындысына;
2. «Қызықты логика әлемі» бағдарламасына «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

Төр айымы:

Хатшы:



Амырзағалиева

С.Жоламанова



«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

27.03.2024 жылы «Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МҚКК педагогикалық кеңес отырысының №4 хаттамасы.

Төрайымы: А.Мырзагалиева

Хатшы: С.Жоламанова

Қатысуға тиіс: 8

1. А. Мырзагалиева

2. С. Жоламанова

3. М. Утеуова

4. Б. Улыкпанова

5. Ш. Тайгужиева

6. В. Кадирова

7. А. Жаңабаева

8. С. Мыржасарова

Күн тәртібінде:

1. «Ұлттық ойындар» баяндамашы С.Жоламанова

2. «Бестас ойыны» тәжірибе алмасу. Ш.Тайгужиева

Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі А Мырзагалиева ашты.

Тыңдалды: Әдіскер С.Жоламанова

Балабақшамыздың «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына құрылған жоспарымызға сай «Ұлттық ойындар» тақырыбынды кітапша жинақталды. Ұлттық ойындар – казак халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі екендігін білеміз. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда қалыптасқан. Ұлттық ойындар ата – бамаздан қалған біздің байлығымыз, қазынамыз.

Ұлттық ойын арқылы ерте жастан бастап батылдыкка, сенімділік пен табандылықка тәрбиелейді.

Сөйлеушілер: тәрбиеші М.Утеуова

Ұлттық ойындар балаларымыздың балабақша табалдырығынан бастап ұлттық құндылыққа, ұлттық болмысқа тәрбиелейді деп ойлаймын. Қазіргі таңда балаларымыздың тәрбие оқыту барысын патриоттық сезімге бұруда.

тәрбиеші В.Кадирова

Ұлттық ойын баланың алдында өмірдің есігін ашып, ұштаса береді. Балабақша күн тәртібіне орай қолдана отырып ойлау қабілеттерін, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыруға көп үлес қосады.

Тыңдалды: Ш.Тайгужиева

«Бес тас»- өте көне дәуірден келе жатқан, казак халқының ұлттық ойындарының бірі. Ойын бірнеше тәсілмен ойнатылады. Ойынға бес тас немесе асық пайдаланады. «Бес тас» ойын ережесімен толық таныстырып өтті және педагогтарға «БЕС ТАС» ойынын ойнауға ұсынылды.

Ойын барысында өздерінің ой пікірлерімен бөлісіп ортаға салып талқылады.

Педагогикалық шешімі:

1. «Ұлттық ойындар» баяндамасына;

2. «Бестас ойыны» тәжірибе алмасу барысына «Қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Төр айымы:

Хатшы:

Амырзагалиева

С.Жоламанова

«Жолшы»бөбекжай-бакшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

29.05.2024 жылы «Жолшы»бөбекжай-бакшасы» МККК педагогикалық кеңес отырысының №5 хаттамасы.

Төрайымы: А.Мырзагалиева

Хатшы: С.Жоламанова

Қатысуға тиіс: 8

1. А. Мырзагалиева

2. С. Жоламанова

3. М. Утеуова

4. Б. Улыкпанова

5. Ш. Тайгужиева

6. В. Кадирова

7. А. Жаңабаева

8. С. Мыңжасарова

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі оқытудың типтік жалпы білім бағдарламасының меңгеру нәтижесін талдау.
2. Жазғы сауықтыру мерзіміне құрылған жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды: Әдіскер С.Жоламанова

Жазғы сауықтыру жұмыс жоспарын таныстырып, өздерінің қосып алар тақырыптары болса, талқыланып қаралатыны айтылды. 2023-2024 оқу жылының тәрбие мен оқыту жұмысының қортындысына тоқталсам жыл басына бекітілген жоспарға сай жұмыстар толығымен атқарылды. Перспективалық жоспарға сәйкес балалардың қабылдау, ұйымдастырылған іс-әрекет, серуен, балалардың үйге қайтуы, күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын бір аптаға арналған циклограмма құрастырылып аптаның бесінші күні бекітіліп отырды.

Тәрбиелеу білім беру процесіне келетін болсам, жинақталған дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік бере отырып, тәрбиеленушілер даму процесін жетілдіре отырып, үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етті.

Педагог кадрлардың және тәрбиеленушілеріміздің жетістіктері де бар, бірақ алдағы оқу жылы жетістіктерді жетілдіруіміз керек.

Сөйлеушілер: «Күншуақ» топ тәрбиешісі Ш.Тайгужиева

Оқу жылы басалғанда бекітілген жоспарлар толығымен жүргізілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспарына сай «Аналар», «Әкелер», «Әжелер» мектебі жұмыс жасады. Қауіпсіздік сабақтары да өтті.

Құрылған жазғы маусымдық жұмыс жоспарын толығымен орындаймыз. «Еркенті» топ тәрбиешісі В.Кадирова

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы толығымен орындалды. Ерекше айта кететін «Әдепті бала-арлы бала» тақырыбында адалдық, мейірімділікке, кішіпейілдікке тәрбиелей отырып әдептілікке баулыдық. Даналық мектептерінің жұмыстары да бірге жүргізілді.

Жазғы маусымдық жұмыс жоспарына қосып аларым жоқ. Құрылған жоспармен жұмыс жүргіземіз.

Психолог С.Мыңжасарова

Ата-аналарға кеңес беру пунктіінде баланың балабақшаға қызығушылығын арттыру мақсатында кеңес берілді.

Педагогикалық шешімі:

1. Мектепке дейінгі оқытудың типтік жалпы білім бағдарламасының меңгеру нәтижесіне «Қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

2. Жазғы сауықтыру мерзіміне құрылған жұмыс жоспары бекітілсін.

Төр айымы:

Амырзағалиева

Хатшы:

С.Жоламанова



**“Жолшы” бөбекжай-бақшасы” мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**



2023-2024 оқу жылы

1.Білім беру ұйымының ашықтығы:

- сайттың болуы (web-беттер),

- апта сайын жаңартылып отыратын әлеуметтік желілердегі беттің болуы

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Меңгерушісі Ажар Мырзағалиева

Біз туралы мәлімет.

Балабақша өмірінен.

Жетістіктер.

Байланыстар.

Uil_zholshy



Балабақшаның атқаратын жылдық жұмыстары.

1. «Балаларды ерте дамыту институты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің жұмыс жоспары;

2.«Бір тұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспары;

3. «Сапалы білім баршаға қолжетімді» ұлттық баяндамасын жүзеге асыру туралы

ЖОЛ КАРТАСЫ;

4.Ақтөбе облысының білім басқармасының Экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары;

5. Даналық мектептері бағытында

6.Сыбайлас жемқорлық

7. Әдеп кеңесі.

8.Қамқоршылық кеңесі

9. Консультациялық пункт.

10. Қатынастарға жауап беру.

11. “Жолшы” бөбекжай-бақшасы” МКҚК жұмыс жоспары және оның бөлімдері.

1. Қоғам және отбасы тәрбиесінің жұмысы.

2. Мектеппен сабақтастық.

3. Балалар мен жұмысы.

4.Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет.

5. Төтенше жағдай және жол көлік жарақатынан сақтандыру

6. Сауаттылық құқығын жоғарлату

7.Семинарлар, Кеңестер

9.Балалардың өмірін және денсаулығын сақтау

10.Салауатты өмір салтын ұйымдастыру

11.Сауықтыру- шынықтыру шаралары

Кадрлар әлеуетіне талдау

Күшті жақтары:

- Педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілгені;
- Педагог-зерттеушілер бар болуы.
- Педагогтар ойынды белсенділік түрлері мен өзара әрекет нұсқалары арқылы тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі әрекет түрі ретінде пайдалануы;
- Педагог – кадрларлар жоспарға сай жан-жақты жұмыстарды тиянақты жүргізуі;
- Педагогтардың өз іс-тәжірибелерін таратуы, байқауларға қатысуы, өз білімін жетілдіруі.

Әлсіз жақтары:

- Педагог-кадрлардың санатсыз 50 % құрауы.
- Республикалық, облыстық байқауларға қатысымы төмендігі;

Шешу жолдары:

- Педагог-кадрлардың жүйелі түрде аттестаттаудан өтіп санаттарын жоғарлату.
- Педагогтардың республикалық, облыстық байқауларға жақсы дайындықпен жұмыстарын көрсету.

Физикалық қасиеттерді дамыту



Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту



Коммуникативтік дағдыларды дамыту



Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту



Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру



Мобильді кітапхана



«KITAP TIMES-2023» кітаптар фестивалі. Аудандық кітапхана ұжымымен біріккен іс-шара.
«Еркетай» топ тәрбиеленушілері Ертегілер кейіпкерлерінің дефилесін көрсетті.



Бірікен Ұлттар Ұйымы, осы жылды
“Тары жылы” - деп жариялады.



“Шығанақ Берсиев – атақты диқан”



«Поэзия патшалыгына саяхат»






”Аққалаға қонаққа барамыз”



“Қауіпсіз балалық шақ”





”Біз тәуелсіз елдің болашағымыз”



”Бестас” ұлттық ойыны.

